

КЕЛІСІЛДІ

Ұлытау облысы білім басқармасының
Қаражал қаласы білім бөлімінің
«№1 Тірек мектебі (ресурстық орталық)»
КММ директоры Ахметова Ж.Ж.
« 29 » 08 2025 ж.



БЕКІТІЛСІН

Ұлытау облысы білім басқармасының
Қаражал қаласының білім бөлімінің
«Балбөбек» бөбекжайының КМҚК
меңгерушісінің м.а Сатанова У.Ш
« 29 » 08 2025 ж.



№	«№1 Тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ директоры координатордың аты- жөні	Телефондар	«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК	Телефондар
1	Ахметова Жумакуль Жандаулетовна	87757269538	Сатанова Улжан Шубаевна	87768305120

Тандем жобасы дегеніміз — балалардың мектепке дейінгі және бастауыш білім беретін ұйымдар арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етуге бағытталған шаралар мен бағдарламалар жиынтығы. Бұл жобаның негізгі мақсаты — балаларды мектепке дайындау кезінде олардың дамуын үйлестіріп, ата-аналар мен мұғалімдердің қатысуымен білім беру процестерін тиімді ұйымдастыру.

Тандем жобасының басты міндеттері:

1. **Балалардың мектепке дайындығын қамтамасыз ету** — бөбекжай мен мектеп арасындағы байланыс орнату арқылы, мектепке дейінгі және бастауыш білім беру деңгейлеріндегі сабақтастықты арттыру.
2. **Құзыреттілікті дамыту** — әрбір баланың жеке қасиеттерін ескере отырып, олардың оқу және әлеуметтік дағдыларын дамыту.
3. **Ата-аналармен жұмысты нығайту** — ата-аналарды білім беру процесіне белсенді тарту, олардың бала тәрбиесіндегі рөлін күшейту.
4. **Педагогикалық кадрлар арасындағы ынтымақтастықты арттыру** — мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш мектеп мұғалімдерінің бірлескен жұмысы.
5. Мектеппен жүйелі жылдық байланыс жасау
6. **STEAM бағытында зерттеу тәжірибелерін енгізу.** Баланың өзіндік ойлау, салыстыру, дәлелдеу дағдысын қалыптастыру

«Тандем» жобасының ережелері

1. Жоба мақсатын анықтау

- **Негізгі мақсаты:** мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш мектеп арасындағы сабақтастықты нығайту, балаларды мектепке дайындық деңгейін көтеру.
- **Қосымша мақсаттар:** ата-аналар мен педагогтар арасындағы ынтымақтастықты арттыру, балалардың әлеуметтік және психологиялық бейімделуін жеңілдету.

2. Қатысушыларды анықтау

- **Бала:** мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш мектептің оқушысы.
- **Ата-аналар:** балалардың білім алуға деген көзқарасын қолдау, баланың даму процесіне қатысу.
- **Мұғалімдер:** мектепке дейінгі және бастауыш мектеп педагогтары арасында үздіксіз байланыс орнату.
- **Білім беру ұйымдары:** бөбекжайлар мен мектептер арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз ету.

3. Ұйымдастыру ережелері

- **Өткізу форматы:** жобаның түрі мен мазмұны әртүрлі болуы мүмкін: семинарлар, тренингтер, ашық сабақтар, ата-аналармен кездесулер.
- **Кездесулер жиілігі:** қатысушылардың қажеттілігіне және мақсаттарына байланысты тұрақты түрде ұйымдастырылады.
- **Педагогикалық жұмыс:** мұғалімдер мен тәрбиешілер бірлесіп жұмыс істеп, балалардың қажеттіліктерін және олардың даму деңгейін ескере отырып, сабақтар мен іс-шаралар жоспарлайды.

4. Балаға бағытталған тәсілдер

- **Жеке ерекшеліктерін ескеру:** әр балаға жеке тәсілмен қарау, оның білім алу стилі мен даму ерекшеліктерін ескеріп жұмыс істеу.
- **Сабақтастық:** мектепке дейінгі кезеңде алынған білімдер мен дағдыларды бастауыш мектепке ауыстыруға көмек көрсету.

5. Білім беру процестерінің бағалануы

- **Бағалау жүйесі:** балалардың дамуы мен жетістіктері әр түрлі тәсілдермен (психологиялық тесттер, бақылау, мониторинг) бағаланады.
- **Ата-аналармен кері байланыс:** ата-аналарға баланың оқу процесі туралы тұрақты түрде ақпарат беру, қажетті жағдайларды қамтамасыз ету.

6. Педагогикалық мамандардың дайындығы

- **Оқыту:** мұғалімдер мен тәрбиешілерге арнайы тренингтер мен курстар ұйымдастыру, оларды балалармен жұмыс істеудің жаңа тәсілдерімен таныстыру.
- **Ынтымақтастық:** мектепке дейінгі және бастауыш мектеп арасында тәжірибе алмасу мен бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру.

7. Әлеуметтік және психологиялық қолдау

- **Балалардың әлеуметтік бейімделуі:** жаңа ортаға көшу, басқа балалармен қарым-қатынас орнату, эмоционалдық күйін бақылау.
- **Ата-аналарға психологиялық көмек:** ата-аналарды баланың дамуы туралы ақпараттандыру, олардың мектепке дейінгі және бастауыш білім беру арасындағы сабақтастықты түсінуіне көмектесу.

Тандем жобасының ережелері әрбір ұйымның қажеттіліктеріне және оқу бағдарламасына байланысты өзгеруі мүмкін, бірақ жалпы мақсат — балалардың үздіксіз дамуын қолдау мен ата-аналар мен мұғалімдердің бірлескен әрекетінің тиімділігін арттыру.

БЕКІТЕМІН

«Балбөбек» бөбекжайының КМҚК
меңгерушісінің м.а
Сатанова УШ

«Тандем» жобасының 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспар

Мақсаты: Балабақша мен мектеп педагогтары арасында іскерлік ынтымақтастық орнату, балаларды мектептегі оқуға бейімделуге дайындау

№	Іс-шаралар	Жұмыс мазмұны	Жауаптылар	Мерзімі	Эвалюция
Әдістемелік жұмыстар					
1.	«Балбөбек» бөбекжайы КМҚК және «№1 Тірек мектебі (ресурстық орталық)» мектептің бірлескен жұмыс жоспарын жасау, бекіту; Бөбекжай және мектеп бағдарламаларымен танысу.	Бөбекжай мен мектептің бірлескен жұмыс жоспарын талқылау және бекіту	Меңгеруші Мектеп директоры	Қыркүйек	
3.	Тәжірибе алмасу Бөбекжайда ересек топтың ҰІӨ-не қатысу - жылдың басында: Мақсаты: ересек тобының балаларымен және жұмыс түрлерімен танысу; - жылдың екінші жартысында: Мақсаты: балабақша бүлдіршіндерінің алған білім, білік, дағды деңгейімен, шығармашылық қабілеттерімен таныстыру. ҰІӨ: -сөйлеуді дамыту; - математика негіздері; - дене тәрбиесі; - Көркем әдебиет.	Біріккен іс-әрекетке қатысуды ұйымдастыру	Әдіскер Бастауыш сынып мұғалімдері ересек топ тәрбиешілері 1-сынып мұғалімдері	Жыл бойы	
4.	Мектепке экскурсия. 1 сынып кабинеті. «Қалам – қарындаш – дәптер» зерттеу. Мектеп деген қандай орта?	Үлгілік оқу бағдарламасының меңгеруін бақылау	Әдіскер Ересек топ тәрбиешілері	Қазан	
5.	Тәрбиешілермен жұмыс: - Топта «Мектепке» сюжетті-рөлдік ойындарын ұйымдастыру. -Мектеп тақырыптары бойынша сөздік және дидактикалық ойындармен альбомдар дайындау. -Мектеп туралы көрнекі альбом; -Мектеп, оқу құралдары, білім, кітап туралы өлеңдер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер альбомдары; -Мектепке дайындық диагностикасын жүргізу - бала дамуының диагностикалық карталарын толтыру (қыркүйек-қаңтар-мамыр)	Әдістемелік көмек көрсету	Әдіскер	Жыл бойы	Әлеуметтік желіге жариялым, фото
6.	Сабақтастық мәселесі ӘК отырысында қаралуы	Әдістемелік кеңес отырысында қарау	Әдіскер	Қараша	Әлеуметтік желіге жариялым, фото
8.	«Бөбекжай мен мектептегі дене тәрбиесінің сабақтастығы туралы сұрақтар». Кеңес беру.	Балаларды салауатты өмір салтына бейімдеу бойынша кеңес	Тәрбиешілер, мұғалімдер	Желтоқсан	Әлеуметтік желіге жариялым, фото

9.	«Бөбекжай, мектеп және мен, біз тату отбасы» дөңгелек үстел	Үш одақтың бірлескен жұмысын талқылау	Тәрбиешілер, мұғалімдер	Қаңтар	Әлеуметтік желіге жариялым, фото
10	«Мен мектептің суретін саламын»	Балалар жұмыстарының көрмесін ұйымдастыру	Ересек топ тәрбиешілері	Сәуір	Әлеуметтік желіге жариялым, фото
11	Жыл бойы жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша педагогикалық кеңесте қарау.	Жыл бойы жүргізілген жұмысқа талдау жасау	Әдіскер, Ересек топ тәрбиешілері	Мамыр	Әлеуметтік желіге жариялым, фото
Ата-аналармен жұмыс					
2.	Ата-аналарға арналған стендті безендіру: «Оқуға дайындық» Жылжытуға арналған папкалардың дизайны: «Бірінші сынып оқушысы не істей алуы керек?»; «Мектепке келу - бұл балалар өміріндегі маңызды оқиға»	Ересек тобындағы стендті толықтыру	Әдіскер	Қазан	Әлеуметтік желіге жариялым, фото
3.	Үйде өлшеу тәжірибесі (ата-ана+бала). «Суық – жылы» STEAM тәжірибесі.	Салыстыру, өлшеу	Ата-аналар балалар	Қазан	Әлеуметтік желіге жариялым, фото
5.	«Баланың мектептен тыс уақытын қалай дұрыс ұйымдастыруға болады?»	Болашақ бірінші сынып оқушысының ата-аналары үшін кеңес	Әдіскер Топ тәрбиешілері	Қаңтар	Әлеуметтік желіге жариялым, фото
6.	Ата-аналар, педагог-психолог, бастауыш сынып мұғалімдерін қатыстыру негізінде ашық есік күнін өткізу. «Балалармен әңгімелесуді қалай қызықты және қарапайым етуге болады?»	балаларды мектепке дайындауда тәрбиешілердің жұмысымен таныстыру	Әдіскер Директордың бастауыш сынып жөніндегі орынбасары Тәрбиешілер, педагог-психолог	Ақпан	Әлеуметтік желіге жариялым, фото
7.	Ата-аналардан сауалнама: «Ата-ана балаңыз мектепке дайын ба?»	Ата-аналардан сауалнама нәтижесін шығару	Топ тәрбиешілері	Наурыз	
8.	Ата-аналар жиналысы: «Мектепке дайындық: балабақша-отбасы-мектеп»	Мектепалды топтың ата-аналар жиналысын өткізу	Әдіскер Топ тәрбиешілері	Сәуір	Әлеуметтік желіге жариялым, фото